

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
22.04.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 22.04.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Әділет министрі Марат Бакытжанұлы Бекетаев мырзаға беріледі.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! «Саяси партиялар туралы» Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Президенттің Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен саяси партияларды құру үшін тіркеу талабын 40 мыңнан 20 мың адамға дейін төмендету ұсынылады.

Бұл ұсыныс саяси партияларды құру тәртібін жеңілдетеді, сондай-ақ мемлекеттік шешімдерді әзірлеу және қабылдау процестеріне оң әсерін тигізеді.

Бұған қоса заң жобасымен партиялық сайлау тізімдерінде әйелдер мен жастар үшін кемінде отыз пайыз мөлшерінде квота енгізу туралы түзету бар.

Бұл жаңа қаралған сайлау туралы конституциялық заң жобасының ережелерін іске асыруға бағытталған.

Құрметті депутаттар, ұсынылып отырған заң жобалар әр түрлі алаңдарда мақсатты топтармен қаралды. Атап айтқанда, заң жобалар Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жекелеген мүшелерімен, жастармен және саяси партиялардың өкілдерімен кеңінен талқыланды.

Жалпы, осы заңнамалық бастамалар әйелдер мен жастарды қоғамның саяси өміріне белсене қатысуға, сондай-ақ көппартиялық жүйені одан әрі қалыптастыруға оң ықпалын тигізетін болады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Өтемісов Шавхат Әнесұлына беріледі.

ӨТЕМІСОВ Ш.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Марат Бақытжанұлы! «Саяси партиялар туралы» қолданыстағы Заңға сәйкес саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында кемінде 40 мың партия мүшесі болуға тиіс. Ал бүгін ұсынылып отырған заң жобасында саяси партиялар мүшелерінің саны бойынша тіркеу талабын 40 мыңнан 20 мың адамға дейін төмендету ұсынылып отыр.

Жалпы, қаралып отырған заң жобасын талқылау кезінде жұмыс тобының отырысында да, сондай-ақ әлеуметтік желілерде де саяси партияны тіркеу үшін оның мүшелерінің қажетті санын қысқарту туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. Бұл ретте олардың санын 5 мыңға дейін, 3 мыңға дейін, тіпті 10 адамға дейін қысқарту туралы ұсыныстар болған.

Марат Бақытжанұлы, мұндай ұсыныстар бойынша Сіздің пікіріңіз қандай, қандай түсініктеме бере аласыз? Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Осы заң жобасын әзірлеу барысында да біз шетелдік халықаралық тәжірибені зерттеп шықтық. Әр мемлекеттің осы мәселе бойынша өзінің сандық талабы бар. Оның негізгі мақсаты – саяси партияның күшін және беделін көрсету. Жалпы, саяси партиялар көпшіліктің және әр алуан топтардың қолдауына ие болуы қажет. Сондықтан осы 20 мың сандық талапты қою дұрыс деп есептейміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсенбинов Берік Сәлімжанұлына беріледі.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Осы заң жобасын қолдай отыра Әділет министрлігіне сұрағым бар.

Қаралып отырған заң жобасында көзделген түзетуге сәйкес партия жарғысында осы заңның талаптарын ескере отырып, депутаттыққа және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге саяси партиядан кандидаттар ұсыну тәртібі қамтылуы тиіс.

Заңның осы түзету енгізілетін 9-бабы саяси партияның жарғысында қамтылуға тиіс негізгі ережелерді реттейтінін атап өткім келеді. Яғни заң жобасы қабылданғаннан кейін партия жарғысы өзгертілуі тиіс. Ал жарғы кез келген партияның негізгі құжаты болып табылатыны баршамызға мәлім. Осыған байланысты сұрағым бар.

Мысалы, жарғылардың өзгеруіне байланысты мемлекеттік тіркеуден өткен саяси партияларға қайтадан тіркелу қажет пе? Осыны түсіндіріп кетсеңіз. Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Квота туралы нормалар осы заң жобасы қабылданған сәттен бастап тікелей қолданылатын болады, ал Сіз айтып өткен түзетуді біз қосымша ретінде ұсынып отырмыз. Осы түзетуге сәйкес келешекте саяси партиялардың жарғыларында әйелдер мен жастар үшін партиялық квота туралы ережелер көзделуі қажет. Бірақ жарғыларды қайта тіркеуден өткізу міндетті емес, өйткені заңмен белгіленген нормалар тікелей қолданылады. Сол себептен

жарғыларға түзетулерді басқа кезекті өзгерістермен бірге енгізуге болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайта тіркеу қажет емес. Солай ғой?

БЕКЕТАЕВ М.Б. Солай.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Бакытжанович! Вы только что разъяснили, что законопроектом предлагается уменьшить в два раза количество людей, которое необходимо для официальной регистрации политической партии. При этом в статье 10 Закона «О политических партиях» говорится, что для государственной регистрации политической партии в ее составе должны быть структурные подразделения в областях, городах республиканского значения, имеющие не менее 600 членов партии. Тем самым норма о 600 членов партии в регионе действовала при необходимости сбора 40 тысяч подписей и сейчас при снижении этого требования до 20 тысяч она остается в силе. В этой связи у меня к Вам вопрос.

По какой причине сохраняется требование к численности партии в филиалах в количестве 600 человек при снижении общей численности? Спасибо.

БЕКЕТАЕВ М.Б. При разработке законопроекта мы исходили из того, что основная работа партии должна осуществляться не в городах, а в регионах. Региональные филиалы являются основной силой партии и выполняют основную роль в работе с населением. Поэтому мы предложили оставить требование по численности 600 членов на том же уровне, чтобы обеспечить репрезентативность политических партий в регионах. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызына беріледі.

АМАНЖОЛОВА З.Ж. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Марат Бакытжанұлы! Бүгін атап өтілгендей, заң жобасында саяси партия мүшелерінің саны бойынша тіркеу талабын 40 мыңнан 20 мың адамға дейін төмендету ұсынылуда. Алайда қолданыстағы заң партияны тіркеуге қатысты шамамен 10 маңызды талапты қамтиды. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Неліктен сіздер партияның сандық құрамы туралы бір норманы ғана өзгертумен шектеліп отырсыздар? Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында осы мәселе кеңінен талқыланды. Президент сандық талапты екі есе азайтуды қолдап, бұл айтарлықтай маңызды өзгеріс деп атап өтті. Президент атап өткендей, саяси партияларға қатысты заңдарды біз бірте-бірте өзгертуіміз керек, сондықтан осы бағытта жұмыс жалғасын табады деп сенеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Марат Бақытжанұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасы жаңа саяси партиялардың пайда болуы үшін жағдай жасауға және әйелдер мен жастардың саяси процестерге белсенді қатысуын ынталандыруға бағытталған.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында жұмыс тобының мүшелері заң жобасын қабылдау идеологиялық және саяси әралуандыққа оң әсер ететінін, сондай-ақ теңдік және мемлекеттік шешімдерді тұжырымдау мен қабылдауға пропорционалды қатысу қағидаттарында көппартиялықтың қалыптасуына сапалы жаңа жағдай жасайтынын атап өтті. Сонымен қатар енгізілетін өзгеріс пен толықтырулар партиялық жүйе мен партиялық құрылыстың одан әрі дамуына оң әсерін тигізеді.

Біріншіден, партия мүшелерінің санына қойылатын ең аз талаптың төмендеуі жаңа партияны құру үшін басты талаптардың бірі – партияның саны туралы шартты едәуір жеңілдетеді, Мемлекет басшысы өз сөздерінде бірнеше рет айтқан көппартиялықтың дамуына ықпал етеді.

Екіншіден, әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квотаны енгізу туралы заңнамалық жаңалық әйелдер мен жастарды Мәжіліс және мәслихаттар деңгейінде мемлекеттік шешімдер тұжырымдау процесіне тікелей тартуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта партияларға жаңа, шығармашыл идеяларды алып келетін және еліміздің саяси өміріне белсенді қатысуға ниет білдірген жастарға назар аудару қажет болады. Бұған қоса өз қатарына белсенді әйелдерді тарту қажет, бұл саяси партиялардың күн тәртібін еліміздегі әйелдер көтеретін мәселелерге анағұрлым сезімтал етуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, партиялар әйелдер мен жас адамдар арасында квотаны бөлу мәселелерінде қатаң шектелмейді. Партиялар бұл бөлікте тізімді өз қалауы бойынша қалыптастыру құқығын сақтап қалады.

Жұмыс тобының отырыстары Парламент Мәжілісі депутаттарының ғана емес, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшелерінің, Парламентте ұсынылмаған саяси партиялар, үкіметтік емес және құқық қорғау ұйымдары өкілдерінің қатысуымен де бейнеконференция режимінде өткізілді.

Заң жобасын талқылау кезінде құқықтық олқылықтарды болғызбау, заң жобасының нормаларын бір-біріне сәйкес келтіру мақсатында заң техникасы бойынша редакциялық нақтылаушы сипаттағы түзетулер енгізілді.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң жобасын талқылап, жұмыс тобының редакциялық сипаттағы өзгерістер бөлігіндегі ұсыныстарын қолдады.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандардың негізінде комитет заң жобасын мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге болады деп есептейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Снежанна Валерьевна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Қоңыров Айқын Ойратұлына беріледі.

ҚОҢЫРОВ А.О. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые коллеги! Основными приоритетами Коммунистической народной партии Казахстана являются суверенитет, целостность и безопасность нашего государства.

Мы действуем, исходя из народных интересов, и не исключаем того, что ресурсная база Казахстана и главный ресурс – земля – находятся в орбите интересов многих стран и транснациональных компаний. Некоторые из них (в истории есть прецеденты) с целью получения необходимых ресурсов применяют механизмы скрытого воздействия через подконтрольные политические силы с целью изменения законодательства в удобном для себя формате.

Поэтому КНПК придерживается консервативной позиции в целом по реформированию политической системы и по законопроекту.

Считаем, что внесенные изменения в пункт 6 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О политических партиях» обоснованы достаточно. Снижение до 20 тысяч необходимого количества членов партии для регистрации значительно расширяет возможности для создания политической партии, в то же время исключает взрывной рост их количества.

Мы однозначно не поддерживаем популистские лозунги по созданию партий из нескольких человек.

Особо хотим отметить, что карликовые партии подвержены риску воздействия со стороны внутренних или внешних лоббистов, потенциальный рост количества таких партий также несет риски того, что избиратели просто запутаются между большим количеством политических образований. Это может привести к дискредитации всего политического процесса, вплоть до его отторжения. В условиях же, когда роль и ответственность политических партий в жизни страны растут, это категорически недопустимо.

Как всем известно, конструкции по бесконтрольной политизации были придуманы на землях федеральных государств, которые не были и не будут единым целым, потому что постоянно испытывают центробежные процессы.

Главное, что сегодня есть у казахстанцев – это унитарность и независимость нашего государства. Поэтому очень важно, чтобы право называться партией должно иметь общественное объединение, идеи и программу которого разделяет и поддерживает значительная часть населения.

Мы приветствуем увеличение числа политических партий, но без потери качества.

